

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Заң күші бар Жарлығына толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 15 сәуірдегі N 217

Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 13; N 23, 152-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 180-құжат; N 18, 367-құжат, 1997 ж., N 11, 144-құжат; N 12, 189-құжат; 1997 жылғы 12 желтоқсанда "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1997 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы) мынадай толықтыру енгізілсін:

149-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы 15) тармақшамен толықтырылсын:  
"15) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе Қазақстан

Республикасының Үкіметі белгілеген құзыретті орган отандық немесе шетелдік жер қойнауын пайдаланушылармен жасасқан, мұнай операцияларын жүргізуді көздейтін келісім-шарттарға сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың өз мұқтаждары үшін Қазақстан Республикасының кеден аумағына (одан әрі сатылмайтын болып) әкелінетін тауарлар, бұған кеден алымдары қосылмайды."

Қазақстан Республикасының  
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.  
Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК